

КАЗАХСТАН СТАНОВИТСЯ КЛЮЧЕВЫМ ЗВЕНОМ ЕВРАЗИЙСКОГО ТРАНСПОРТНОГО КОРИДОРА. МЫ РАЗВИВАЕМ ИНФРАСТРУКТУРУ, СТРОИМ НОВЫЕ ЛИНИИ, ОБНОВЛЯЕМ ПОДВИЖНОЙ СОСТАВ И ВНЕДРЯЕМ ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ – ВСЕ ЭТО НАПРАВЛЕНО НА ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОК.

Мурат ТОРЕГЕЛЬДИН,
заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ»



№84-85 (3123-3124)
14/10/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



«ЖАС ҮЗДІК МАМАН» КӘСІБИ БАЙҚАУЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Астанада «Жас үздік маман» V республикалық кәсіби конкурсының қорытындысы шығарылды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға және компанияның кадрлық әлеуетін дамытуға бағытталған байқау биыл бесінші рет өтіп отыр.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Мемлекет басшысы 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялағаны белгілі. Бұл іс-шара осы атаулы жыл аясында өтіп, еліміздің барлық өңірлерінен теміржол мамандықтарының үздік өкілдерін біріктірді. Республикалық конкурста өңірлік турлардың жеңімпаздары бес негізгі мамандық бойынша бақ сынасты. Олар: жол шебері, жолаушылар вагонының жолсерігі, тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі оператор, жылдамдық өлшегіш таспаларды тарқату жөніндегі инженер және вокзал бойынша кезекшілер. Республикалық кезеңнің жеңімпаздары кәсіби білім, біліктілік және құзыреттілік деңгейін

бағалайтын теориялық және практикалық тапсырмалардың нәтижелері бойынша анықталды.

Байқау қорытындысына келсек, «Вокзал кезекшісі» номинациясы бойынша бірінші орынды Арал теңізі станциясының вокзал қызметкері Зәмзәгүл Қарақұлова жеңіп алса, екінші орынды Алматы-1 вокзалының кезекшісі Еркебұлан Қасымхан еншіледі, ал үшінші орынды жаңасемейлік Әйгерім Қайнарқызы иеленді.

«Жол шебері» номинациясының жеңімпазы болып Қызылорда жол дистанциясының өкілі Жалғас Якубов танылса, екінші орын сыр өңіріндегі Қазалы жол дистанциясының шебері Бауыржан Қыпшақбаевқа, ал үшінші орын алтынкөлдiк шебер Ерасыл Адайбекке бұйырды.

Павлодар станциясынан Екатерина Мухина тасымалдау құжаттамасымен қатесіз жұмыс істегені үшін

үздік деп танылды. Сондай-ақ «Тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі оператор» номинациясында екінші орынды өскемендік Софья Гиясунова, үшінші орынды үштөбелік Әмина Игембердиева жеңіп алды.

Жылдамдық өлшегіш таспаларды тарқату бойынша үздік инженер деп Қызылорда жүк тасымалдау бөлімшесінен келген Аяжан Асқарқызы танылды. Осы аталымдағы екінші орын мінберінен Алматы ЖТ бөлімшесі инженері Айдана Төлеуханова көрінсе, үшінші орынды жамбылдық Ақмарал Жақаева иеленді.

Үздік жолсерік Юлия Волокитина болды, ол «Жолаушылар тасымалы» – «Экспресс» АҚ филиалында жұмыс істейді. «Жолаушылар вагонының жолсерігі» номинациясы бойынша екінші орынды Әрсен Қайрат, үшінші орынды Қайнар Үшкемір иеленді.

Сервис

КАЧЕСТВЕННОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ – НАДЕЖНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ

В Астанинском локомотивном эксплуатационном депо состоялось торжественное открытие пункта технического обслуживания локомотивов (ПТОЛ) после капитального ремонта.

Любовь РОББА,
Астана

На мероприятии присутствовали руководство ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», Акмолинского отделения ГП, коллектив депо и ветераны отрасли – Почетные железнодорожники Максут Ибраев и Рашид Мукатов.

В своем приветственном слове заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов поздравил коллектив депо с долгожданным обновлением ПТОЛ, отметив, что во время капитального ремонта работа не останавливалась, и предприятие успешно выполняло все производственные показатели.

За добросовестный труд награды из его рук в этот день получили отличившиеся работники депо



и отделения ГП.

После церемонии награждения руководители и ветераны отрасли перерезали красную ленту и первыми осмотрели обновленное здание ПТОЛ 1975 года постройки.

Его общая площадь состав-

ляет 2 888 квадратных метров. Проведенные в этом году работы значительно улучшили условия труда, повысили уровень производственной безопасности и эффективность обслуживания подвижного состава.

Во время ремонта реоргани-

зовано пространство и созданы дополнительные кабинеты. Здесь размещены дежурные по депо, душевые для работников, инструментные помещения и кабинеты инженеров по расшифровке скоростемерных лент.

Капитальный ремонт позволил модернизировать инженерные системы, обновить технологическое оборудование и создать комфортные условия для персонала. В результате повысится и качество обслуживания локомотивов, а также надежность перевозочного процесса.

– Ежемесячно в пункте обслуживания около 1 100 локомотивов. Здесь трудятся 110 сотрудников, включая административно-управленческий персонал, работников эксплуатационных подразделений и слесарей. Мы понимали, что капитальный ремонт пункта технического обслуживания локомотивов – долгосрочная инвестиция в наш комфорт, – отметил начальник Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Дулат Ахмадиев, поблагодарив руководство за поддержку идеи модернизации.

Фото Адиля КАЙЫРБЕКОВА

ПЛАН ПЕРЕВЫПОЛНЕН



Акционерное общество «Қазтемір-транс» подвело итоги производственной деятельности за январь – сентябрь 2025 года. Компания демонстрирует устойчивый рост эффективности: выполнен перевыполненный план ремонта вагонов, снижена доля нерабочего парка и обеспечен высокий уровень технической готовности подвижного состава.

По состоянию на 1 октября 2025 года доля нерабочего парка составляет 2,8% при общем количестве 39 711 единиц – один из лучших показателей последних лет. Производственная программа ремонта грузовых вагонов выполнена на 106%: при плане 6 927 единиц фактически отремонтировано 7 345 вагонов. Все виды ремонта – деповской, капитальный и ДРПС – перевыполнены.

В 2025 году с ТОО «Проммашкомплект» заключен долгосрочный пятилетний офтейк-контракт на поставку цельнокотанных колес. Исполнение графика ведется в плановом режиме, что обеспечивает стабильность работы ремонтных предприятий. На складах компании и региональных базах сформированы запасы рам, балок, автосцепок и колесных пар, позволяющие поддерживать стабильные темпы ремонта.

За девять месяцев проведен ремонт более 35 тысяч вагонов как на территории Казахстана, так и за ее пределами. Компания стабильно выполняет договорные обязательства и обеспечивает высокое качество обслуживания.

– Мы видим результат системной работы по укреплению технической базы и оптимизации процессов. Главное – это стабильность и надежность вагонного парка. Эти показатели – заслуга всего коллектива, от ремонтников до инженеров, – отметил пресс-секретарь АО «Қазтеміртранс» Мадия Мухамедкали.

За отчетный период зарегистрировано 571 рекламационное обращение, по каждому из которых приняты меры реагирования и профилактики. Благодаря оптимизации закупочных процедур и управлению затратами компания добилась экономии средств, направленных на развитие производственной инфраструктуры.

АО «Қазтеміртранс» продолжает курс на модернизацию и повышение эффективности, обеспечивая надежность и устойчивость железнодорожного транспорта Казахстана.

Айлин БАУРЖАН

«KERUEN EXPRESS» – ТУРИСТІК ПОЙЫЗ



Алматыдан 100 астам жолаушысы бар «Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқан – Бұхара – Алматы» бағыты бойынша жүретін «Keruen express» туристік пойызы жолға шықты. Турдың ұзақтығы 5 күнге созылды.

Пойыз отандық өндірістің заманауи әрі жайлы вагондарынан жасақталған. Интерьер ұлттық нақышта безендіріліп, дәстүрлі ою-өрнектермен айшықталған. Құрамда үш купелік және бір мейрамхана вагоны бар.

Бағыт бойында туристер Қазақстан мен Өзбекстанның мәдени және тарихи орталықтарына аялдап, гасырлар қойнауынан сыр шертетін жәдігерлермен танысты. Сапар барысында олар Түркістандағы Кожа Ахмет Яссауи кесенесі мен көне Отырар қалашығын, Самарқандағы Әмір Темір кесенесі мен әйгілі Регистан алаңын, Бұхарадағы Арк қамалы мен Ляби-Хауз алаңын, Ташкенттегі Төле би кесенесі мен Хазрет Имам мемориалдық кешенін тамашалады.

Турпакетте пойызбен сапар, кәсіби гидтердің бірге жүруі, барлық экскурсиялық билеттер мен трансферлер толық қамтылған. «Keruen express» туристік пойызы «Жолаушылар тасымалы» АҚ бастамасымен және «Өзбекстан темір жолдарының» қолдауымен ұйымдастырылды. Бұл жоба Қазақстанның халықаралық туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайтуға және өңірдің тарихи мұрасын кеңінен танытуға оң әсерін береді деген сенімде ұйымдастырушылар.

Ұлан ОРАЗ

ҚАЗІР ТЕМІР ЖОЛДА ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҚСЫ ДАМУДА. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙ, ҚАНДАЙ ДА БІР ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАҒА ТӘУЕЛДІЛІК БОЛМАУ ҮШІН БАРЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАЛАР, КЕЛІСІМШАРТ, АЛЫС-БЕРІС, ЖҮК ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ ҚҰЖАТТАРЫ ЦИФРЛЫ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС. БҮГІНДЕ БӨЛІМШЕДЕ ТАСЫМАЛ ҚҰЖАТТАРЫН РӘСІМДЕУДІҢ АШЫҚ ТҮРДЕ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖҮК ЖӨНЕТУШІЛЕР МЕН ҚАБЫЛДАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАМАСЫ КҚЖ АБЖ (АСУ ДҚР) ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ӨНІРДЕ 17 СТАНЦИЯ ОСЫ ЖҮЙЕГЕ ҚОСЫЛҒАН

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С МАЯ ПО СЕНТЯБРЬ 2025 ГОДА ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ СТРАНЫ ПЕРЕВЕЗЕНО СВЫШЕ

28,4 млн тонн
угля.

11 тыс.

РАБОТНИКОВ КТЖ ПРОШЛИ ОБУЧЕНИЕ ПО ОХРАНЕ ТРУДА, ПРОМЫШЛЕННОЙ И ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ С НАЧАЛА ГОДА.

35

ПАНЕЛЕЙ ЭЦ ЗАМЕНЕНЫ НА ДЕСЯТИ СТАНЦИЯХ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ ОБНОВЛЕНИЯ ОБОРУДОВАНИЯ.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ ӨТТІ



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің электр энергетикасы саласындағы электр басқармасы басшысының міндетін атқарушы Наурызбай Тәукенов қатысушыларды қоғамдық тыңдаудың регламентімен

таныстырды. Жария тыңдау ҚР «Табиғи монополиялар туралы» заңның 8-бабы 9-тармақшасына сәйкес өткізілді. Іс-шараға салалық теміржол ұйымдары, қауымдастықтар, ҚР Кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы өкілдері және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар қатысты. – Биыл маусым айының соңын-

да КТЖ 2026-2030 жылдарға арналған реттелетін электр энергиясын беру қызметі бойынша жаңа бес жылдық тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы өтініммен жүгінген болатын. Атап өтетін жайт, аталған реттелетін қызмет түрі бойынша тарифтің қолданылу мерзімі 2025 жылы аяқталады. Жария тыңдауды өткізудің мақсаты – КТЖ-ның реттелетін электр энергиясын беру қызметі бойынша өтінімдерді қарау рәсімінің ашықтығын, жариялылығын, тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілерінің мүдделер теңгерімін сақтау, сондай-ақ халықтың ақпараттандырылуын қамтамасыз ету, – деді Н.Тәукенов.

Күн тәртібіне сәйкес КТЖ-ның электр энергиясын беру қыз-

меті бойынша тариф жобалары талқыланды. «КТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы директорының орынбасары Александр Кирович электр энергиясын беру қызметі бойынша баяндама жасады.

– Басты мақсат – жарамдылық мерзімі өтіп кеткен күштік трансформаторларды ауыстыру жолымен компанияның электр тартату желілері сенімділігін арттыру. Сонымен қатар кешенді тарту құрылғыларын заманауи түріне алмастыру арқылы компанияның электрмен қамту құрылғыларын жаңғырту көзделуде. Реттелетін қызметке кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету, желіні күтіп ұстау мен пайдалану бойынша ағымдағы шығындарды жабу, электр желі нысандарының тозу деңгейін азайтуды да жоспарлап отырмыз, – деді А.Кирович.

Жария тыңдаудың нәтижесі бойынша тариф жобаларын талқылау қорытындысы мен бекітілгеннен кейінгі тиісті бұйрықтар да комитеттің интернет-ресурстарында шығарылатыны мәлімделді.

Суретті түсірген Абзал ҚАЛИЕВ

Таза Қазақстан

ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Саулебеков бастаған ұжым экочелленджді Ақтөбе өңірінің теміржолшыларынан (НЖС-11) қабыл алып, облыс бойынша кең көлемді тазалық пен көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.



Қала іргесіндегі Қызылорда – Белкөл станциялары аралығының тазалығы мен абаттандырылуы жай ғана шаруашылық шара емес, облыс орталығына кіреберістегі экологиялық келбеттің кезекті бір таза қалыпқа енуі еді. Осы учаскеде ПЧ, ШЧ, ЭЧ, ВП және ПП дистанциялары бірігіп, 1890 түп ағаш көшетін отырғызды. Бұл – мыңдаған отбасының болашақ ұрпағына тарту етер тынысы, көлеңкесі, сұлулығы бар жасыл мұра.

Әріптестерінен экочелленджді қабылдаған Қызылорда жол дистанциясы да 500 түп ағаш отырғызды. Бір тал – бір тыныс. Ал мыңдаған ағаш – келешекке жасалған инвестиция.

– Темір жол – тек қатынас жолы емес, ол өмір арнасы. Ал осы жол бойын жасыл желекпен көмкеру – табиғатпен үндестікте өмір сүрудің бір көрінісі. Темірдей тәртіппен жұмыс істейтін теміржолшылардың табиғатқа деген жанашырлығы бір жолғы акцияда көрініс таппайды, бұл – дәстүрлі шара, – деді Ербол Саулебеков.

Әрі қарай Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы ұжымы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қызылорда жол дистанциясы ұжымынан эстафетаны қабыл алып, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына өз үлесін қосты. Нәтижесінде 500 түп ағаш көшеті отырғызылды. Экочеллендж осылай тоқтаусыз жалғасып жатыр.

Суретті түсірген автор

5 МЫҢ ТҮП КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

 **Абай ЕРТИС,**
Семей

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – Семей магистральдық желі бөлімшесінің теміржолшылары Ұлттық компания бойынша өтіп жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кең ауқымда іс-шара өткізді.



Семейліктер экочелленджді Қарағанды магистральдық желі бөлімшесіндегі әріптестерінен қабылдап алды. Жалпы, кең көлемдегі көшеттер отырғызу, аймақты жасылдандыру ісі осыдан біраз жыл бұрын қолға алынған еді. Қарағайлы орманның іргесінде орын тепкендіктен жасылдандыру ісі бөлімше бойынша дәстүрге айналған. Осыған дейін де республикалық акция аясында әкімшілік ғимараттардың, модульдік үйлердің, материалдық базалардың және теміржол вокзалдары мен станциялардың айналасы көгалдандырылған болатын. Дегенмен, бұл акцияның семейліктер үшін маңызы зор болып отыр. Осынау ерекше акция барысында Жаңа-Семей – Дегелең тәлімі бойынша ауқымды көгалдандырудың негізі қаланып, ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді. Теміржол желісінің жиегінде қар үйінділерін болдырмау мақсатында қаладан Астана бағытына шығаберіс желі бойына ағаштар егілді.

Салалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырықбай Әлсейітұлы акцияға арнайы келіп қатысып, магистральдықтар бастамасына қолдау білдіріді. Акцияға ПЧ, ШЧ, ЭЧ және вокзал шаруашылығының қызметкерлері белсенді түрде қатысты.

Берекелі іс-шара соңында Семей НЖС-6 директоры Айдын Шәукежанов экологиялық челлендж эстафетасын Атырау магистральдық желі бөлімшесінің ұжымына жолдап, батыстағы әріптестерін таза және жасыл Қазақстанды бірлесіп құру бастамасын жалғастыруға үндеді.

Айта кетер жайт, бір бұл емес, НЖС-6 бөлімшесіне қарасты мекемелер де өзара экоакция өткізіп жатыр. Дәл осы күні тайлы-таяғымен желі бойына көшеттер отырғызуға шыққан ПЧ-39 мекемесінің жолшылары бірегей эстафетаны Жаңа-Семей жол дистанциясындағы әріптестеріне ұсынды. Бұл шара қарашаға дейін жалғасып, күллі шығыс өңірді толық қамтымақ. Ал осы жолы байтақ бөлімше бойынша жалпы саны бес мыңнан астам көшет отырғызылыпты.

Суретті түсірген автор

ҚТЖ-ДА ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТТІ

Көлік саласында білім беретін ЖОО және колледжердің профессорлық-оқытушылық құрамы ҚТЖ-да тағылымдамадан өтті. 23 ұстаз екі апта теміржол саласында теориялық білім алып, оқыту бағдарламасының екінші жартысын тәжірибемен ұштастырды.

 **Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Тағылымдама барысында қатысушыларға инновациялық залда «ҚТЖ-дағы цифрландыру» тақырыбында дәріс өткізілді. Оларға компаниядағы цифрландыру жұмыстары мен ЖИ енгізу бойынша бейнероликтер көрсетіліп, ауқымды ақпараттар берілді. Атап айтқанда, ЖИ енгізу үшін Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын жаңғырту, тасымал процесін цифрландыру жобалары туралы баяндалды.

– Бұл іс-шараның екі жаққа да тиімділігі зор болатыны сөзсіз. Себебі сіздер – теміржол сияқты үлкен салаға мамандар дайындап жүрген оқытушылар құрамысыздар. Болашақ теміржолшылар заманға сай сапалы білім алуы керек, соған екі жақтап атсалыссақ, теміржолымыз дамитыны анық. Сіздерге сәттілік тілеймін, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің HR-серіктесі Алма Сәулебаева.

Бағдарлама шеңберінде ҚТЖ музейіне, Тасымалдарды басқарудың өңірлік орталығына экскурсия ұйымдастырылып, «Күйзеліс төзімділік» тақырыбында тренинг өткізілді. Сонымен қатар олар ҚТЖ бас ғи-



маратының 37-қабатындағы «Қысқы бақты» тамашалады. АСУ ЭДТ бағдарламасының қалай жұмыс істейтінін көріп, «Ақпараттық және автоматтандырылған жүйелер» оқу құралының таныстырылымына қатысты. ҚТЖ-дағы цифрландыру жұмыстарының бірден бір көрінісі – Бірыңғай цифрлық терезе жұмысы да көрсетілді. Астана станциясындағы дөңестік автоматтандырылған орталықтандыру жұмысымен, электрлі орталықтандырылған қосын қызметімен де танысты.

– Бұл тағылымдама жобасына қатысуға ұсыныс айтылғанды мен қуана келістім. Себебі теория мен тәжірибедегі мамандардың өзара іс-қимылы – болашақ мамандарды оқытып-тәрбиелеуде өте тиімді әдіс.

Өткен теориялық бөлімінде осы саланың нағыз мамандарынан көлік және логистика бағытында дәріс тыңдау мүмкіндігі берілді. Теориялық білім беру форматы ұнады, сұрақтарымызды емін-еркін қойдық. Ал қазіргі тәжірибелік дәрісте күн сайын темір жолда еңбек етіп жүрген қызметкерлердің өз аузынан осы саланың жай-күйі туралы тыңдау білімінді екі есе арттырады, – дейді бағдарламаға қатысушылардың бірі, Қазтүтйнуодағы Қарағанды университеті маркетинг және логистика кафедрасының доценті Әлия Аяғанова.

Тағылымдама ҚТЖ мен еліміздің білім ошақтары арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылуда.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

«БАҚТЫ-АЯГӨЗ» ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ



Еліміздің көлік саласы үшін стратегиялық маңызы аса зор «Бақты-Аягөз» теміржол телімінің құрылысы қарқын ала бастады десек болады. Қытаймен үшінші түйісу нүктесі болады деп жоспарланған жоба ұзақ жылдар бойғы зерттеулер мен ізденістер нәтижесінде пісіп жетіліп, Қытай елімен екіжақты келісімдер аясында жүзеге асырылуда.

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Өткен тамыз айының соңында Бейжің қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов пен China Communications Construction Company президенті Чжан Биннан мырза жаңа телім құрылысын жүргізу бойынша талқылау өткізгені белгілі. Оның барысында Қытай тарапы жер жұмыстарын жобалау және жүргізу бойынша жұмыстарды қысқа мерзімде жандандыру міндеттемелерін қабылдаған болатын.

Жүзеге асып жатқан жобаның тиімділігі қазірдің өзінде сезілуде. Себебі аймақтың экономикасына серпін әкеліп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына себеп болуда. Мәселен, бүгінде жаңа желі бойында 150-ге жуық жергілікті тұрғын жұмысқа тартылып, еңбек етуге көшкен. Ал теміржол телімі толық пайдалануға берілген соң 1200-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Құрылыс жұмыстары аймақтағы халық тығыз орналасқан Аягөз, Мақаншы және



Ұржар аудандарын қамтиды. Жоба бойынша жалпы саны 12 станция салу көзделген. Құрылыс 2027 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Жауапты ұйым ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ белгіленген. Мердігер ұйым ретінде China Harbour Engineering компаниясы айқындалды. Қазіргі таңда жоба толық көлемде бастау алды. Теміржол төсемі үшін жер қыртысы әзірленуде.

Бұл жобаны іске асыру Қазақстан мен ҚХР арасындағы көліктік-логистикалық ынтымақтастықты дамыту үшін, сондай-ақ өңірдің транзиттік әлеуетін нығайтуда стратегиялық маңызға ие.

Осыған дейін жобаны іске асыру мақсатында Абай облысы әкімдігі тиісті жер учаскелерін резервке алған болатын. Темір жол өтетін

ауылдар тұрғындарымен кездесулер өтіп, жұртшылықтың ризашылығы да алынды. Ұлттық компания және Абай облысының басшылығы тарапынан жобаны жан-жақты қолдау қамтамасыз етілуде. Жұмыс барысы Семей ЖТ бөлімшесі мен НЖС-6 басшылығының да назарында тұр.

Қазіргі таңда жаңа теміржол желісін ірікліссіз іске асыру үшін қажетті құрылыс көлемі, техникамен қамтамасыз ету, мердігер мекемелердің дайындық деңгейі және инженерлік инфрақұрылыммен қамту мәселелері де пысықталуда. Ал Семей магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұловтың айтуынша, көп ұзамай жаңа желі бойына қажетті мамандар даярлау жұмыстары қолға алынатын болады.

ТЕМІР ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ



Қыркүйек айының 1-30 аралығында жарияланған «Шара қолданып, өмірді сақта!» республикалық айлығы аясында Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің теміржолшылары қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында белсенді жұмыс атқарды.



данылғанымен, бір азамат ауыр жарақат алды, аяқ сүйегі сынған. 1 мамырда Жалағаш – Тереңөзек телімінде тағы да қайғылы жағдай. Пойыз астына түскен адам сол жерде қаза тапқан.

Тамыз айының 15 күні Тереңөзек – Жалағаш учаскесінде көмелетке толмаған балалар теміржол бойында ойнап жүрген. Машинист дер кезінде тежегішті баспағанда, бұл да орны толмас трагедияға айналар еді.

Қазіргі заманда қараусыз жүрген малдың

теміржолға шығуы тек мал иесіне емес, бүтін бір қозғалыс жүйесіне қауіп төндіріп отыр. Жыл басынан бері 27 ірі қара пойыздың астында қалып, қаншама материалдық шығын мен қозғалыс кестесіне нұқсан келтірді. Бұған қоса, 2 рет теміржол өткелінде автокөлік жүргізушілерінің жол ережесін сақтамауы салдарынан пойыздардың тоқтауға мәжбүр болғаны тіркелді.

Балалардың пойыз терезесіне тас лақтыруы, теміржол бөлшектерін ұрлап сату, мас күйде жолға шығу – бұлар жай ғана құқықбұзушылық емес. Бұлар – адам өміріне төнген қауіп! Мұндай әрекеттердің түбі тек түрме емес, өлім де болуы мүмкін екенін әркім ескеруге міндетті.

«Шара қолданып, өмірді сақта!» айлығы – осындай салдыр-салақтық пен бейқамдыққа қарсы күрес ретінде жүргізіліп жатыр. 1-30 қыркүйек аралығында өткізіліп жатқан бұл айлық – жай ғана шара емес, қауіпсіздікке үндеу. Жаңа оқу жылының басталуына орай, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі оқу орындары мен жергілікті әкімдікпен бірлесіп отырып, балалармен қауіпсіздік тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Қыркүйек айының 22 күнінде 42 жиналыс, 423 оқушымен кездесулер өткізілді. Бұл жұмыс әлі де жалғасуда.

Кенжегүл ҚОЙШЫБАЕВА,
Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің инженері



НОВЫЙ ИМПУЛЬС ЭКОНОМИКЕ И ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА



После запуска вторых путей на стратегическом участке Достык – Мойынты Казахстан сделал уверенный шаг в сторону укрепления своего транзитного потенциала и экономической устойчивости. Новые пути, построенные АО «НК «Қазақстан темір жолы», открыли дополнительные возможности для роста грузопотока, снятия инфраструктурных ограничений и повышения конкурентоспособности отечественной железнодорожной отрасли. Сегодня это не просто железнодорожный путь – это артерия, связывающая Восток и Запад, дающая импульс промышленности, бизнесу и региональному развитию.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

За последние десять лет объем перевозок из Китая увеличился в 4,5 раза – с 7,5 миллиона до рекордных 32 миллионов тонн в прошлом году. Контейнерный транзит также демонстрирует устойчивый рост: за десятилетие направление Китай – Европа – Китай выросло в 12 раз, а Транскаспийский маршрут (ТМТМ) – в 21 раз. С вводом вторых путей на участке Достык – Мойынты перевозки из КНР могут достичь 35 миллионов тонн уже в 2025 году, включая экспорт руды, металлов и продовольствия, а также транзитные грузы по маршрутам Восток – Запад и Восток – Центральная Азия. А интеграция проекта с портами Каспия и коридором ТМТМ укрепит позиции Казахстана как ключевого Евразийского транспортно-логистического хаба.

Если вспомнить историю, то в 1959 году со стороны СССР путь был доведен до погранпункта Дружба (Достык). Связки с КНР тогда не было. А в сентябре 1990 года китайская сторона довела линию до Алашаньюк, и с 1991 года пошли первые грузовые поезда – до 10 вагонов в сутки. На сегодня, когда уже дан старт движению поездов по вторым путям мегапроекта Достык – Мойынты, ожидается рост пропускной способности с 12 до 60 пар поездов, совместно с КНР согласованы суточные «нитки».

Работы на линии ведутся поэтапно и с начала года движение открыто на участках: Мойынты – Балхаш, 29 января 2025 года, Бесколь – Достык, 13 марта 2025 года, Актогай – Саяк, 19 июня 2025 года, Балхаш – Саяк, 17 августа 2025 года, Саяк – Актогай, 30 сентября 2025 года. Первоначально срок реализации проекта составлял пять лет, однако работы завершены досрочно – за три года. Полное же завершение строительства ожидается к 31 декабря 2025 года. Сейчас железнодорожники стабилизируют пути в соответствии с нормативной технологией, которая достигается после пропуска 100 тысяч тонн грузов. Также на линии ведутся отделочные и технологические работы в соответствии с утвержденным графиком и проектной документацией.

Но уже сейчас с уверенностью можно сказать, что запуск движения по всей линии Достык – Мойынты стал важным этапом модернизации железнодорожной инфраструктуры Казахстана и повышения эффективности международных транспортно-логистических маршрутов.

Немаловажно, что в рамках строительства вторых путей был построен и введен в эксплуатацию современный пост электрической



централизации (ЭЦ) на станции Достык. Пост расположен в новом трехэтажном здании и предназначен для централизованного управления стрелками и светофорами, что обеспечивает безопасное, точное и автоматизированное регулирование движения поездов.

Он позволяет диспетчерам и дежурным по станции оперативно управлять маршрутами, контролировать состояние устройств сигнализации, а также предотвращать возможные неисправности. Внедрение системы электрической централизации существенно повышает уровень безопасности, снижает влияние человеческого фактора и увеличивает пропускную способность станции.

Пост оснащен современным оборудованием, отвечающим требованиям цифровизации железнодорожной инфраструктуры и направленным на дальнейшее повышение эффективности управления движением поездов.

– Ввод в эксплуатацию нового поста ЭЦ позволил: повысить пропускную способность станции Достык; сократить время на формирование и пропуск поездов; улучшить координацию с китайской стороной (станции Алашаньюк); обеспечить соответствие современным требованиям безопасности и цифровизации железнодорожной инфраструктуры, – рассказал заместитель директора филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция по реализации крупных проектов» Александр Ким.

Таким образом, важный стратегический объект стал новым интеллектуальным центром управления всем движением на направлении. Это не просто пост, а высокотехнологичная система, обеспечивающая координацию поездной и маневровой работы в круглосуточном режиме.

На третьем этаже поста размещен дежурный аппарат, оснащенный современным микропроцессорным оборудованием. Здесь сосредоточены ключевые рабочие места: маневрового диспетчера, дежурного по станции, операторов станционного поста централизации, диспет-



черов. Слаженная работа этого коллектива в тесной координации с коллегами из Китайских железных дорог позволяет оперативно планировать и обеспечивать движение поездов, контролировать их прием и отправку, а также гарантировать безопасность и эффективность перевозок в одном из важнейших транспортных узлов страны. Всю эту сложную работу на станции Достык плечом к плечу ведут как опытные ветераны железнодорожной отрасли, так и амбициозная молодежь – настоящая смена поколений, объединенная общей целью. Их ежедневный труд играет ключевую роль в обеспечении бесперебойного движения поездов, росте грузопотока и укреплении транзитного потенциала страны. Это люди, на которых держится экономика и логистика Казахстана, и вклад каждого из них неоценим для устойчивого развития транспортной системы и всего государства.

При этом Достык – Мойынты – лишь один из элементов новой транспортной карты. Параллельно модернизируется участок Алтынколь – Жетыген: здесь пропускная способность увеличится с 15 до 30 пар поездов. О планах дальнейшего расширения недавно упоминал и Глава Государства. В Послании было анонсировано строительство новой линии Кызылжар – Мойынты. Она создаст дополнительное соединение и усилит возможности железнодорожной сети.

Таким образом, Казахстан получает возможность обеспечить весь свой экспортный и транзитный потенциал, а также закрепить за собой статус важнейшего транспортного узла в Евразии. Эти проекты объединены в масштабную программу формирования транспортного коридора, который связывает регионы страны между собой и интегрирует Казахстан в международные маршруты. Весь грузопоток, который будет проходить по этим линиям, найдет выход на экспортные и транзитные маршруты.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПРОВЕРКА ПРОЙДЕНА УСПЕШНО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском регионе подвели итоги традиционного осеннего месячника комиссионного осмотра, проходившего с 8 по 26 сентября. Основная цель – подготовка к зимнему периоду и проверка состояния охраны труда на объектах железнодорожной инфраструктуры.

В течение трех недель комиссия под руководством директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбека Казымова провела систематический обезд станций, участков и производственных подразделений. В состав комиссии вошли руководители предприятий, заместители директора, начальники станций, ревизоры и специалисты по охране труда.

Во время проверок было проведено детальное обследование инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, зданий, сооружений и подъездных путей. Особое внимание уделялось вопросам безопасности движения поездов, исправности устройств сигнализации, централизации и блокировки, а также противопожарных систем.


Отдельным направлением стала оценка состояния охраны труда. Комиссия выявила и устранила недостатки, связанные с безопасностью работников, отметив, что работа в этом направлении направлена на постоянное улучшение условий труда и профилактику травматизма. Также проверялась готовность локомотивного парка к эксплуатации в зимний период – проведена смена смазочных материалов, протестированы все системы в холодных условиях.

По итогам совещания директор филиала Айбек Казымов отметил положительные результаты месячника, поблагодарил участников за ответственную работу и вручил награды наиболее отличившимся коллективам и сотрудникам.

Кроме того, были определены мероприятия по устранению выявленных недостатков и даны рекомендации по дальнейшему повышению уровня безопасности и производственной дисциплины.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ВОКЗАЛА

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



На вокзале станции Оскемен-1 завершились демонтажные и земляные работы. Подготовка под бетон, армирование и бетонирование оснований выполнены на 80%.

Поскольку реконструкция вокзала и его будущий «апгрейд» вызвали огромный общественный интерес со стороны жителей Усть-Каменогорска и гостей города, то этот вопрос освещают и представители местных исполнительных органов. По информации пресс-секретаря акима Восточно-Казахстанской области Лауры Жакуповой, сейчас на вокзале ведут работы по опалубке и армированию пола. Запланирована заливка 50 кубометров бетона. На объекте задействовали более 30 рабочих и четыре единицы техники.

Как сообщили в Семейском отделении магистральной сети, АО «НК «КТЖ» реализует масштабную программу по реконструкции железнодорожных вокзалов по всей стране в соответствии с постановлением Правительства РК. В списке объектов – и вокзал на станции Оскемен-1. Цель программы – обновление инфраструктуры и создание комфортных условий для пассажиров и работников железнодорожного транспорта.

Реконструкция вокзала однозначно улучшит качество обслуживания пассажиров, поднимет на более высокий уровень безопасность пребывания пассажиров и, как отметили в пресс-службе АО «НК «КТЖ», создаст современное, удобное пространство для всех пользователей железнодорожной инфраструктуры.

КАСПИЙСКИЙ ВЕКТОР ДЛЯ СТРАНЫ



Каспийское море сегодня становится ключевым звеном в формировании международных транспортных маршрутов. Морские порты Казахстана – Актау, Курык и Северный терминал – играют особую роль в обеспечении грузовых перевозок, связывая Европу, Кавказ и Центральную Азию.

Айлин БАУРЖАН,
Актау

По словам исполняющего обязанности председателя правления АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» Даурена Кутпанбаева, порт – это не только причалы и техника, это точка синхронизации между сушей и морем, между железной дорогой и торговым флотом. Именно эта связь обеспечивает устойчивость и эффективность перевозок.

Морское сообщение отличается многофункциональностью и экономической эффективностью. Большие тоннажи и возможность работы на дальних плечах делают перевозки выгодными и востребованными. Вместе с тем Каспий имеет свою специфику: компактные

параметры флота, особые глубины и климатические условия. Все это требует не только гибкости, но и постоянных инвестиций в модернизацию.

– Сегодня для нас ключевыми ориентирами остаются скорость, стоимость, сохранность, сервис и стабильность перевозок. Именно эти пять факторов формируют доверие клиентов к казахстанским портам, – отметил Даурен Кутпанбаев.

Совокупная мощность портов Казахстана на Каспии составляет 21,6 миллиона тонн грузов в год: Актау – 12,3 миллиона тонн, Курык – шесть миллионов тонн, Северный терминал – три миллиона тонн. Однако рост транзитных потоков требует новых решений.

Сейчас реализуются масштабные проекты: реконструкция причалов № 3

и № 12 (29,7 миллиарда тенге, 2025-2027 годы), а также дноуглубительные работы (20,3 миллиарда тенге, 2025-2026 годы), которые позволят увеличить глубины и улучшить эксплуатацию судов.

– Климатические изменения диктуют новые требования к инфраструктуре. Дноуглубление позволит нашим судам работать без потерь грузоподъемности, а реконструкция причалов повысит производительность перегрузочных операций, – пояснил он.

Надежность перевозок во многом определяется состоянием флота. Сегодня под казахстанским флагом на Каспии работают 18 судов – от танкеров до контейнеровозов. До 2030 года планируется его расширение: новые сухогрузы, контейнеровозы и паромы.

Флот – это сердце морских перевозок.



Мы видим перспективу его роста, чтобы Казахстан уверенно занял место среди лидеров Каспия, – подчеркнул исполняющий обязанности председателя правления АО «НК «Актауский международный морской торговый порт».

Ключевым событием стало начало реализации масштабного инвестиционного проекта – строительства современного контейнерного хаба в Актау. Стоимость – 43,4 миллиарда тенге, сроки – 2024-2026 годы.

– Контейнерный хаб – это не просто терминал, это новый уровень логистики. Мы формируем полноценный контейнерный парк для стран Каспия и Центральной Азии, с современными сервисами и цифровыми технологиями, – отметил Даурен Кутпанбаев.

На первом этапе мощности хаба

увеличат пропускную способность порта Актау на 240 тысяч ДФЭ в год, а после завершения проектов южного расширения она вырастет почти в четыре раза – до 960 тысяч ДФЭ. Параллельно планируется освоение 120 гектаров припортовых территорий и строительство девяти новых причалов.

Наряду с инфраструктурными проектами активно внедряются цифровые решения. Онлайн-калькулятор тарифов, электронное подписание смарт-контрактов, системы трекинга грузов позволяют упростить и ускорить процессы, снизить бюрократию и сделать сервис более удобным для клиентов.

– Наша миссия – постоянное улучшение. Мы стремимся к тому, чтобы работа с казахстанскими портами была быстрой, прозрачной и предсказуемой для грузоотправителей, – подчеркнул Даурен Кутпанбаев.

Реализация этих проектов имеет стратегическое значение. Казахстан укрепляет позиции ключевого логистического центра Центральной Азии, расширяет транзитные возможности через Каспий, создает условия для привлечения инвесторов и роста экспорта.

– Актау должен стать воротами Казахстана в Каспий и важным звеном глобальных маршрутов. Мы уверены, что этот проект станет драйвером всей транспортно-логистической отрасли страны, – подытожил Даурен Кутпанбаев.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Цифрландыру САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету – «ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрлық трансформацияның негізгі бағыттарының бірі. Соңғы жылдары компания бақылауды автоматтандыруға, тәуекелдерді азайтуға және теміржол инфрақұрылымының тұрақтылығын арттыруға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асырды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Мәселен, 2024 жылы қозғалыс қауіпсіздігі тәуекелдерін басқаруға мүмкіндік беретін «Қозғалыс қауіпсіздігі тәуекелдерін талдау» автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Жүйе басқарудың барлық деңгейлері бойынша және жолаушылар, жүк тасымалы шаруашылықтары мен инфрақұрылым дирекциясы бөлінісінде тәуекел факторларын санаттай отырып, есептер қалыптастырады. Тәуекел деңгейі жоғары аймақтар бойынша тәуекелдерді жедел бақылау мен басқарудың тиімділігін арттыру үшін түзету шараларын әзірлеу көзделген. Сондай-ақ компанияда тәжірибелік пайдалану сатысында «Қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйелері» автоматтандырылған аудит жүйесі бар. Бұл аудит жүргізу сапасын арттыруға және қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалауға арналған құрал болып отыр. Жүйе аудит процестерін ретке келтіруді, деректерді орталықтандырылған өңдеуді және жауапты орындаушылар орындайтын түзету әрекеттерінің нәтижелілігін талдауды қамтамасыз етеді.

Ал келесі кезекте іске асыруды күтіп, «Станцияларды комиссиялық айлық тексеру» автоматтандырылған жүйесі тұр. Бұл жүйе станцияларда анықталған сәйкессіздіктер туралы деректерді жинауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар есепке алуды жүргізуге, жедел шешім қабылдауға, сондай-ақ инфрақұрылымның, құрылыстардың, жабдықтардың және қызметтік-техникалық ғимараттардың ақауларын тиімді жоюға талдау және бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл барлық автоматтандырылған жүйелерді компанияның өзіндік дамуының оң көрсеткіші дер едік.

Цифрландыру халықаралық тасымалдардың

драйвері ретінде транзиттік көлемді ұлғайтуға ықпал етті. Сөзіміз сүйекті болу үшін 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде транзиттік тасымалдардың көлемі 14,6 млн тоннаға жеткенін және бұл цифрлық шешімдердің арқасында мүмкін болғанын атар едік. Сонымен қатар сандық жүйенің дендеп енуі Қазақстанның жаһандық интеграциясын қамтамасыз етуде. Мәселен, еліміз Қытай, Ресей, Венгрия, Беларусь, Әзербайжан, Грузия сияқты негізгі логистикалық тораптарда өзінің географиялық қатысуын кеңейтуде, бұл әрине халықаралық маршруттарды жеңілдетіп, сонымен қатар балама көлік дәліздерін қалыптастырады. Яғни цифрландыру жеткізілімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, маршруттар арасында икемді ауысуға мүмкіндік береді.

Цифрлық шешімдерді енгізу пайдалану шығындарын қысқартуға және логистикалық операциялардың ашықтығын арттыруға мүмкіндік берді. Қытай – Еуропа бағыты бойынша тасымалдау көлемі бір жылда 65%-ға өсті, ал Қытай – Еуропа бағытындағы контейнерлік пойыздардың орташа жылдамдығы 2025 жылға қарай тәулігіне 1400 км нысаналы көрсеткішпен тәулігіне 1150 км-ге жетті.

Осылайша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да цифрландыру – бұл жай ғана технологиялық тренд емес, Қазақстанды Еуразияның негізгі логистикалық хабына айналдыратын стратегиялық құрал болып отыр. Ал инновациялардың арқасында транзиттік жүктер жылдам, қауіпсіз және ашықтықтың жоғары дәрежесімен жеткізіледі.

Алдағы жылдары компания негізгі ақпараттық жүйелерді жаңартуға, процестерді автоматтандыруға және клиенттер үшін цифрлық қызметтерді кеңейтуге көңіл бөлмек. Бір ғана мысал, «Huawei Technologies Kazakhstan» ЖШС-нің аппараттық қолдауымен

Nize Intelligent Technology Co. Ltd компаниясы әзірлеген Jetisu терминалында модульдік TOS жүйесін енгізу жоспарлануда.

Жүйе терминал жұмысының, атап айтқанда көліктің кіруінен бастап жүктерді есепке алуға дейінгі барлық кезеңін автоматтандырып, қойманы, контейнер алаңын, коммерциялық көлікті басқару модульдерін, сондай-ақ аналитикалық панельді және сыртқы жүйелермен интеграцияны қамтитын болады. Мұндай шешімдер жүктерді өңдеудің дәлдігі мен жылдамдығын арттыруға, тоқтап қалу уақытын және қол еңбегіне жұмсалатын шығындарды азайтуға, операциялардың онлайн-мониторингі мен ашықтығын қамтамасыз етуге, жүйені қайта жобалаусыз басқа терминалдарға масштабтауға мүмкіндік береді. Компания жүк, жолаушылар және транзиттік тасымалдар саласындағы ақпараттық жүйелерді дамытуға, инфрақұрылымды цифрландыруға, атап айтқанда мониторинг, диагностика және қозғалысты басқару технологияларын енгізуге, онлайн-қызметтер, электрондық билеттер, цифрлық терезе үшін платформаларды жетілдіру және eGov-пен интеграциялау, бұлтқа көшу арқылы ИТ-ландшафтты жаңғырту, орталықтандыру және қауіпсіздікті жақсарту, сондай-ақ басқару шешімдерін қолдау және логистиканы оңтайландыру үшін аналитика мен ЖИ-ді қолдану құралдары бойынша клиенттік сервистерді нығайтуға назар аударуды жоспарлап отыр.

Ұлттық компанияның цифрлық трансформациясы аясындағы барлық жұмыс кезең-кезеңмен және салалық ерекшеліктерді ескере отырып, отандық және халықаралық әріптестермен ынтымақтастықта жүргізілуде. Бұл ретте цифрландыру Қазақстанның теміржол саласының ашықтығын, тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Кәсіподақтар қозғалысының 120 жылдығына орай «Қазкөліккәсіп» ҚБ Жамбыл облыстық филиалы арнайы мерекелік жиын өткізіп, өңірдегі 18 бастауыш ұйымның белсенділерін марапаттады.



Ардақ УСЕЙНОВА,
Жамбыл

Кәсіподақ ұйымында талай жыл қызмет етіп, ұйымдастырушылық қабілетімен, табанды еңбегімен танығандар Көлік министрінің, «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталды. «Теміржолшылар кәсіподағына-120 жыл» медалі тапсырылды.

– Теміржолшылар үшін биыл да айтулы жыл. «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай қаншама әріптестеріміздің еңбектері еленуде. Саланы дамыту жолында талай жылдан бері табан ақы, маңдай тері сіңіп келе жатқан мамандарымыз жоғары наградаларға ұсынылып, мерейлері өсуде. Адал

еңбек иелерінің қорғаны болған – теміржолшылар кәсіподағына 120 жылдығына орай салалық ұйым көптеген жұмысшыларды, кәсіподақ белсенділерін марапаттап отыр. Кәсіподақтар күніне орай Жамбыл облысы әкімдігінде өткен жиында біздің бір әріптесімізге «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, тағы үш қызметкерге Кәсіподақтар бірлестігі төрағасының Құрмет грамотасы, Алғыс хаты тапсырылды, – деді кәсіподақ филиалы төрағасының орынбасары Еркін Отешов.

Салтанатты іс-шара соңында кәсіподақ филиалы кеңесінің отырысы өтіп, 18 бастауыш ұйымның алдағы атқарар жұмыстарының жоспары айқындалды.

Суретті түсірген автор

АЛТЫ ВОКЗАЛДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР

Биыл еліміздің теміржол саласындағы инфрақұрылымды дамытуға бағытталған батыл бастамалар жүзеге асуда. Қазақстан бойынша жүздеген теміржол вокзалдары жаңарып жатыр. Соның ішінде Түркістан облысының аумағында 6 вокзалда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның бесеуінде күрделі қайта жаңғырту жұмыстары жүріп, біреуі реставрациядан өткізілуде.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Өткен жылы Шымкент қаласындағы вокзал сенімгерлік басқару негізінде жекеменшік санатқа өтсе, облыстағы өзге 5 вокзал ғимараты жергілікті атқарушы органдардың иелігіне көшкен. Негізінен, вокзалдар теміржол инфрақұрылымының маңызды нысаны болғанымен, олардың көпшілігі ҚТЖ-ның қарамағында емес. Осыған байланысты ұлттық оператор бұл вокзалдарды сенімгерлік басқаруға алу арқылы күтіп-ұстау мен сапалы қызмет көрсетуге жауапты болуға мүдделі. Алайда, бұл бағыттағы жұмыстар мол қаржыны қажет ететіні белгілі. Дегенмен, сенімгерлік басқару жүйесі өзін тиімді бағыт ретінде дәлелдей бастағанын айту керек. Мәселен, жоғарыда Шымкент вокзалының жайын жаздық. Ал осы күндері Түркістан вокзалы ҚТЖ-ның сенімгерлік басқаруына берілуде. Ол үшін алдымен тарихи ғимарат ретінде толық реставрациядан өтіп, содан кейін ғана Ұлттық компанияның қарауына өткізіледі.

Бүгінде өңір бойынша Түлкібас, Манкент, Арыс-2, Сарыағаш және Темір станциясындағы ғимараттар жаңғыртылуда. Қазіргі кезде Түлкібас пен Арыс-2 вокзалы толығымен бұзылып, орнына заманауи жаңа ғимараттар бой көтеріп жатыр. Ал Манкент вокзалына келсек, сараптамалық қорытындыға сәйкес, ғимарат қабырғалары жарамды болғанымен, іргетасы нығайтуды қажет етеді. Сондықтан мұнда тек іргетасты күшейту жұмыстары жүргізілуде. Осы тұста айта кетерлік бір жайт, Арыс-2 мен Теміржол вокзалының ғимараты кезінде жылдам тұрғызу мақсатында қаркасты-құрастырмалы материалдардан салынған болатын. Уақыт өте келе бұл нысандар құрылыс талаптарына сай келмегендіктен қайта бой көтеруде. Сарыағаш вокзалының жағдайы да айрықша назар аударуды талап етеді. Сараптама қорытындысына сүйенсек, ғимарат қабырғаларындағы жарықтар сейсмологиялық тұрғыдан



қауіп төндіретін деңгейде деп танылған. Сондықтан да оны бұзу және толық қайта салу жөнінде шешім қабылданған. Сала мамандарының пікірінше, жер сілкінісі кезінде ғимараттың опырылып құлау қаупі өте жоғары. Сондықтан бұл жерде де жаңа нысан бой көтеруде.

Құрылыс жұмыстары жүріп жатқан вокзалдарда жолаушыларға көрсетілетін қызмет тоқтатылған жоқ. Вокзалдар қызметін жақын маңдағы мекемелерге уақытша ауыстырылған. Бұл орындар жолаушыларға жағдай жасап, тиісті қажеттіліктермен қамтамасыз ету секілді негізгі талаптарға сай жабдықталған.

– Вокзалдардың жаңартылып, қайта салынуы – жолаушыларға жайлылық пен қауіпсіздік ұсынып қана қоймай, өңірдің келбетін де жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам. Алдағы уақытта бұл жұмыстар толық аяқталған соң, жаңа вокзалдар тек қызмет көрсету сапасымен ғана емес, сәулетімен де көз тартары сөзсіз, – дейді Шымкент магистральдық желі дирекциясының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Нұрғиса Пошанов.

Жалпы, жаңа вокзалдарда заманауи талаптарға толық жауап беретін бірқатар жаңашылдықтар қарастырылған. Ана мен бала бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған қолайлы инфрақұрылым – бәрі ескерілген. Ал Сарыағаш вокзалы шекаралық аймақта орналасқандықтан, онда фитосанитариялық талаптарға сай арнайы оқшаулау бөлмесі де салынуда. Бұл – мемлекеттік шекарадан өтетін жолаушылар мен жүктің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған ерекше жоба.

ЖАҢА ЖОЛДЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

«Достық-Мойынты» теміржол жобасының тиімділігі туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ірі жобаларды іске асыру жөніндегі дирекциясы филиалының директоры Еркін Мейірбеков 24 қз телеарнасына берген сұхбатта айтып берді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

– Қазіргі таңда Қытай мен Еуропа арасындағы сауданың жылдан жылға ұлғайып бара жатқанын көріп отырмыз. Осы аралықтағы тасымалды жүзеге асыру кезінде өтуі қиындау жерлердің бірі осы «Достық-Мойынты» тегімі еді. Сол сауда процесін, транзиттік тасымалды жақсарту үшін аталған тегімде екінші жол салынды. Бұрын осы аралықта тәулігіне 12 жүп жүк пойызы жүрген болса, қазір бұл көрсеткіш 60 жүп пойызға дейін артты. Жаңа жол арқылы жүк жылдам жетеді. 2030 жылға таман контейнерлік пойыздардың жылдамдығы тәулігіне 1500 шақырымды құрайды деп жоспарлап отырмыз. Одан бөлек Достық станциясын жаңғырту жұмыстары іске асырылды. Соның арқасында екі жақтан өтетін жүктердің кедендік ресімдеу

жұмыстарының мерзімі қысқарды, – дейді спикер.

Оның айтуынша, жобаны іске асыру барысында бірнеше цифрлық жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Автоматты бұғаттау» жаңа жүйесі орнатылды. Станция жұмысын оңтайландыру кезінде цифрлық жүйелер қолданылып, соның нәтижесінде қазіргі таңда жүктер мейлінше аз уақытта өңдеп, жөнелтіледі.

Жобаның мультипликативті әсері туралы да баяндаған Еркін Мейірбеков оны салу барысында қатарынан көптеген салалар дамығанын жеткізді. Атап айтқанда, металлургия, бетон зауыттары, басқа да қосымша салалар осы жобаға тартылып, өндірістері дамуы арқылы табысы көбейді. Жаңғырту жұмыстары Достық пен Мойынты станциялары



арасындағы 32 бекеттің бәрінде жүзеге асырылды. Мұндай үлкен құрылыс темір жолда соңғы рет 2017 жылы Алматы мен Шу станциялары арасында екінші жол құрылысы жүрген кезде болған. «Достық-Мойынты» екінші жолын салу барысында құрылысшылардың үлкен рулы құрылған. Сол арқылы қазіргі таңда басқа да ірі теміржол жобалары іске асырылуда.

Спикердің пайымдауынша, «Достық-Мойынты» жобасының мерзімінен бұрын жүзеге асырылуының басты себебі – оның маңыздылығын түсіне отырып құрылысқа ел болып аталысуында. Нормативтік мерзімінен ерте біткен инфрақұрылымдық жоба сонымен қатар тұрғыс жобалау мен алдын ала дайындықтың арқасында жылдам атқарылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАСА...



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Кешенді жаттығуға «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» және «Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Ақтөбе ЖТ бөлімшесі» қызметкерлері, азаматтық қорғау құрылымдары мен өрт сөндіру пойызының мамандары қатысты.

Жаттығуды Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары мен облыстық төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы басқарды. Жергілікті локомотив және вагон деполары, жол және байланыс дистанциялары, өрт сөндіру пойызының мамандары, сондай-ақ станция қызметкерлері қатысқан жаттығу бары-



сында азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдары пысықталды. Негізгі мақсат – жеке құрамның кәсіби дағдыларын жетілдіру, түрлі

сипаттағы төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыру болды.

Жаттығу сценарийі бойынша күкірт қышқылы тиелген вагонның темір жолдан шығып кетуі нәтижесінде апаттық жағдай туындады. Салдарынан екі адам жаракат алды. Олар дереу қауіпті аймақтан шығарылып, апаттық медицина қызметіне тапсырылды. Ал вагон цистернасындағы 6 мм жарықтан төгілген күкірт қышқылының таралу аймағы қоршалып, арнайы су көбігімен залалсыздандырылды.

Іс-шара соңында жеке құрам сапқа тұрғызылып, оқу-жаттығудың нәтижесі қорытындыланды. Иса Байтұрсынов қатысушылардың жұмысын «қанағаттанарлық» деп бағалап, әлі де жетілдіруді қажет ететін бағыттарды атап өтті.

Суреттерді түсірген автор

Безопасность С ТОЧНОСТЬЮ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

С начала года локомотивными бригадами Матайского эксплуатационного локомотивного депо применено 18 экстренных торможений для недопущения наездов, что выше уровня прошлого года (15 случаев).

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

В том числе на людей – один случай против двух в 2024 году (один с наездом), на скот – 17 против 11 (шесть с наездом).

Матайское эксплуатационное локомотивное депо играет ключевую роль в обеспечении бесперебойной работы железнодорожного транспорта. Здесь круглосуточно ведется техническое обслуживание и эксплуатация локомотивов, от надежности которых зависит безопасность движения поездов и стабильность перевозок.

Коллектив депо объединяет опытных специалистов и молодых работников, ответственно относящихся к своему делу. За восемь месяцев текущего года не допущено ни одного нарушения безопасности движения по вине депо – показатель системной профилактической работы и четкого соблюдения стандартов.

При плане 627,653 миллиона тон-



но-километров брутто фактическое выполнение составило 610,204 миллиона тонно-километров брутто (97,22%).

Среднесуточная производительность локомотива при плане 1 381 тысяча тонно-километров брутто выполнена на уровне 1 363 тысяч тонно-километров брутто (98,67%). Техническая скорость при плане 40,74 километра в час достигла 41,71 километра в час, что соответствует 102,38%.

В депо большое внимание уделяется технической учебе машинистов и их помощников. На занятиях подробно разбираются вопросы безопасного ведения поездов, действия в нештатных ситуациях, изучаются новые инструкции и технологии.

– Регулярная учеба помогает локомотивным бригадам поддерживать высокий уровень знаний и быть готовыми к любым производственным вызовам, – отмечает начальник депо Бекзат Арстамбеков.

Он лично контролирует ход работы – выезжает по маршрутам вместе с

локомотивными бригадами, наблюдает за регламентом переговоров и организацией труда. Такой подход позволяет видеть реальную ситуацию на линии, своевременно выявлять проблемы и поддерживать высокий уровень дисциплины.

Особое внимание уделяется профилактическим мерам, обеспечивающим безаварийную работу и надежную эксплуатацию локомотивов. Регулярно проводятся технические осмотры подвижного состава, инструктажи, проверки знаний и отработка действий в различных производственных ситуациях.

Большое значение имеет соблюдение графиков труда и отдыха машинистов, что способствует сохранению внимательности и работоспособности. Формирование культуры безопасности и личной ответственности каждого работника позволяет депо демонстрировать стабильные результаты и уверенную работу без нарушений.

Фото автора

СОВРЕМЕННЫЙ СТАНДАРТ РАБОТЫ СТАНЦИЙ

В филиале АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» активно реализуется проект по внедрению современных технологий, направленных на обеспечение безопасности движения и улучшение производственных процессов. Одним из таких решений стало строительство парковой системы громкоговорящего оповещения (ПСГО), которая является важным элементом комплексной системы безопасности на станциях.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Проект реализован силами департамента автоматики, телемеханики и телекоммуникации, где успешно завершены работы по установке и наладке оборудования на шести станциях: ШЧ-16, ШЧ-26, ШЧ-36, ШЧ-11 и ШЧ-4. Системы прошли все необходимые проверки и уже введены в эксплуатацию.

ПСГО предназначена для оперативного оповещения работников и пассажиров в режиме реального времени. Она обеспечивает своевременное информирование персонала и пассажиров о текущей ситуации на станции, координацию действий между дежурными по станции, маши-

нистами и техническими бригадами, предупреждение аварийных ситуаций и минимизацию технологических рисков, повышение уровня сервиса и комфортности пребывания пассажиров на объектах железнодорожной инфраструктуры.

Благодаря интеграции с другими системами автоматики и телемеханики ПСГО позволяет быстро реагировать на нештатные ситуации, обеспечивая точную и понятную передачу информации.

По словам специалистов, строительство и внедрение парковой системы громкоговорящего оповещения особенно актуально в условиях растущей интенсивности движения поездов и масштабной модернизации отрасли. Голосовое оповещение остается одним



из наиболее эффективных инструментов снижения влияния человеческого фактора и повышения транспортной безопасности.

В дальнейшем планируется поэтапное расширение проекта на другие станции магистральной сети, что позволит создать единую систему оповещения по всей инфраструктуре КТЖ. Это станет еще одним шагом к формированию современного и безопасного железнодорожного пространства Казахстана.

Фото автора



ПЕРВОЕ ЗНАКОМСТВО СО СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛЬЮ



На базе ПТО станции Илецк работниками филиала ТОО «КТЖ» – Грузовые перевозки» – «Илецк» проведена экскурсия для воспитанников детского сада «Арбузенок» города Соль-Илецка.

Яна МАРЬИНА,
Илецк

Инициатором экскурсии для старшей группы «Светлячки» детского сада «Арбузенок» выступили родители ребятшек, а работники ПТО Илецк и профсоюз охотно идею поддержали. Группа

детсадовцев прибыла в сопровождении воспитателя Розы Шайхудиновой и представителя родительского комитета Шолпан Айнагузовой.

После обязательного инструктажа о правилах поведения на железной дороге экскурсию начали с ученого полигона. Там дети ознакомились с

макетами деталей вагонов в натуральную величину – колесными парами, вагонной тележкой, осмотрели на территории ПТО крытый грузовой вагон и сфотографировались на фоне памятника-макета вагона. Мастер производственного обучения Наурзгали Абугалиев рассказал об устройстве вагонов и их предназначении. Затем дети с территории ПТО посмотрели на железную дорогу, как движутся составы по путям, получив первые представления о работе станции.

Экскурсия продолжилась в техническом классе, где в занимательной форме с показом картинок о работе железной дороги рассказала инженер-технолог Рамиля Нуржауова. Под большим впечатлением ребяткиши уеслися рисунки – они рисовали свои представления о поезде и многие довольно подробно, что называется, с натуры нарисовали паровозики, тянущие вагоны.

Дополнили впечатления форменные фуражки, кепки и сигнальные жилеты железнодорожников, что вызвало большое оживление у дошколят. Но это было не просто так, ведь они еще успели поиграть в «паровозик», который двигался по кабинету, строго следуя сигналам светового. Во время игры они побыли и машинистами, и помощниками машинистов, проводниками и осматривщиками вагонов. В общем, прочувствовали ответственность работы железнодорожников. А потом было угощение соками пирожными, организованное профсоюзом филиала.

Фото автора

В ПРИОРИТЕТЕ ДЕТИ



В рамках месячника «Прими меры – сохрани жизнь» в школе № 14 поселка Желаево прошла встреча со школьниками уральских железнодорожников и сотрудников Линейного отдела полиции по станции Уральск.

Яна МАРЬИНА,
Уральск

С учащимися 5-6-х классов беседовали старший инспектор группы профилактики правонарушений ЛОП по станции Уральск майор полиции Владимир Федунцов, инспектор службы ОАП капитан полиции Лаура Азизова, заместитель начальника станции Жилаево Бейбит Ибрашев и инженер-технолог Гульмира Уразаева, инженер по охране труда станции Орал Гульдана Жамалова и ведущий инженер Уральской дистанции пути (ПЧ-1) Нурлан Мулдагалиев.

Они напомнили школьникам, что железнодорожные пути, пассажирские платформы и другие, связанные с движением поездов и маневровой работой объекты железнодорожного транспорта, являются зоной повышенной опасности, а также закрепили материал в форме блиц-опроса и ответили на многочисленные вопросы школьников.



Охват детей составил около 70 человек.

В ходе беседы были показаны видеоролики на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», раздавались памятки. Как пояснила директор ОШ № 14 Тамара Нурадимова, поселок Желаево разделен железной дорогой пополам, школа сельская, малокомплектная, единственная на весь населенный пункт, для безопасности учащихся осуществляется подвоз детей на учебу и с учебы школьным автобусом.

Между тем перегон

Уральск – Жилаево по-прежнему остается одним из самых травмоопасных. А ведь именно на данном участке чуть не каждом шагу имеются предупреждающие знаки и аншлаги, которые местные жители упорно игнорируют, и профилактические рейды проводятся регулярно. Работа в школах будет продолжена, но ее эффективность невысока, пока дети повторяют за взрослыми, в том числе и нарушения правил безопасного поведения на железной дороге.

Фото автора

Пресс-тур

Крупнейший железнодорожный машиностроительный кластер Казахстана ТОО «Railways Systems KZ», производящий подвижной состав и элементы верхнего строения пути, продолжает масштабироваться, наращивать свои мощности и создавать новые рабочие места: в 2028 году в Екибастузе появится электрометаллургический завод ТОО «Rail Way Steel».

ВНЕДРЯЯ ПЕРЕДОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Представители железнодорожного холдинга пригласили журналистов и блогеров ознакомиться с ходом работы нескольких производственных участков: завод стрелочных переводов, кузнечно-бандажный комплекс, предприятие по производству цельнокатаных железнодорожных колес. ТОО «Railways Systems KZ» внедряет передовые технологии и автоматизирует производственные процессы: используются роботизированные системы и концепция Industry 4.0, которые позволяют производить продукцию высокого качества, соответствующую международным стандартам.

Как рассказал заместитель начальника цеха ТОО «ПРОММАШ.KZ» Айдос Нуркеттаев, мощность завода стрелочных переводов позволяет выпускать до 1 000 стрелочных переводов, 2 000 ремонтных комплектов и 1 000 крестовин в год. Продукция используется на магистральных путях, промышленных предприятиях, шахтах и успешно экспортируется за рубеж.

В этом году также запущен первый этап кузнечно-бандажного комплекса, который обеспечит отрасль зубчатыми бандажами. Это уникальная производственная площадка в Казахстане, производственная мощность которой составляет более 160 тысяч единиц продукции.

В холдинге работают более 3 000 сотрудников, среди которых высококвалифицированные инженеры, техники и рабочие. Компания уделяет большое внимание их обучению и повышению квалификации. К примеру, 22-летняя Варвара Кузьмина работает инженером-технологом в цехе по производству цельнокатаных железнодорожных колес. После получения диплома она решила строить карьеру в ТОО «Railways Systems KZ».

– В год мы выпускаем около 300 тысяч колес, включая центры, заготовки шестерен диаметром от 700 до 1 250 миллиметров для пассажирского и грузового железнодорожного транспорта, в том



числе для метрополитена и городского рельсового транспорта, – рассказала Варвара Кузьмина.

Основной потребитель холдинга – АО «НК «КТЖ», определенная продукция поставляется по отдельным контрактам в СНГ. Есть сотрудничество с Актюбинским рельсобалочным заводом, в том числе Октябрьский лесобалочный завод и Муромский стрелочный завод и т. д. Оттуда ТОО «Railways System KZ» везет необходимое сырье для производства своей железнодорожной продукции.

По информации ТОО «Railways system KZ», строительство электрометаллургического завода ТОО «Rail Way Steel» по производству низколегированных и конструкционных сталей специального назначения началось в конце прошлого года. На предприятии создадут свыше 1 000 рабочих мест и внедрят современные технологические процессы. Ввод завода в промышленную эксплуатацию запланирован на 2028 год. Его производственная мощность составит 1 000 000 тонн стали в год, предприятие обеспечит металлопродукцией как холдинг RWS KZ, так и казахстанских производителей цельнокатаных колес и железнодорожных рельсов. Кроме того, до 40% высокотехнологичной металлургической продукции планируется ориентировать на экспорт в страны СНГ и ЕС. Проект будет реализован совместно с крупнейшей европейской инженеринговой компанией в области электрометаллургии.

Фото автора

ТОҚСАН ЖАСАҒАН ТАМАРА ӘЖЕЙ

Темір жолда көп еңбек қолмен атқарылған өткен ғасырда жұмыс істеген Тамара Омарғалиева бүгінде тоқсан жасын тойлап отыр.



Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Өмір бойы Гурьев темір жолында еңбек еткен әжейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Аралбай Қосымбаев кәсіподақ пен кадр бөлімі мамандарымен бірге арнайы құттықтай барып, құшағын гүлге толтырып, сый-сияпаттарын табыс етті. Әжейдің амандығын біліп, хал-жағдай сұрасып, өткен-кеткеннен әңгіме тарқатты.

Тамара әжей 1935 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын Главпочта-да бастап, 1967 жылы Гурьев теміржол бөлімшесіне ауысып, 1985 жылға дейін жүк тасымалы бөлімінде қызмет атқарады. 1985 жылы зейнеткерлікке шыққан соң да еңбектен қол үзбей, Гу-

рьев вокзалының Ана мен бала бөлмесінде кезекші болған. Жолдасы Иманғазиев Камали аға да теміржолшы болды. Ол әсіресе аймақ темір жолының спортын дамытуға көп күш салып, кезінде ДСО «Локомотив» қоғамының төрағасы болған азамат. Екеуі 9 бала тәрбиелеп өсірді. Оның ішінде бүгінде зейнеткер Күләш, Роза атты екі қызы мен ұлы Ринат теміржолшы. Ринат әке жолын қуып, өңір темір жолының спортын көтеруге атсалысып жүр.

Торқалы тоқсанға келген кейуана қонақтарға қатты қуанып, алғысын жаудырды. Әжей әлі де тың, өзі жүріп-тұрады, көзі көреді, құлағы естиді. Бүгінде ұл-қыздарынан 18 немере-жіен, 17 шөбере сүйіп отыр.

Суретті түсірген автор

БОУЛИНГ БӘЙГЕСІ: ШЕБЕРЛІК СЫНАЛҒАН СӘТ

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КӘСІПОДАҒЫНА



Сұлугүл БАКЕСОВА, Астана

Астанадағы ең үлкен боулинг орталықтарының біріне Орталық аппарат қызметкерлері мыстан кейін жалға алған арнайы жанға жайлы автобустармен жеткізілді. Боулинг орталығында кіргеннен-ақ көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын атмосфера сезілді. Жарысқа қатысушылар жеребе арқылы 30 командаға бөлінді.

Айта кету керек, ЦФО-ның орталық аппараты мен аймақтардағы филиалдарын қосқанда мыңнан астам кәсподақ мүшесі бар.

Жарыс басталар алдында ойынға қатысушыларды «Қаз-көліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасарлары Ғафу Несіпбаев пен Амангелді Төрегожин, еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспектор Қайрат Мұқанов және ЦФО кәсіподағының төрайымы Күләш Даниярова құттықтап, командаларға қызықты ойын мен сәттілік тіледі.

– Биыл теміржолшылар кәсіподағы қозғалысына 120 жыл толып отыр. Қазақстанда ең алғаш кәсіподақ қозғалысы теміржолшылардан бастау алды. Егер тарихи деректерге сүйенер болсақ, 1905 жылы мамыр айында қазіргі Қазақстан аумағындағы БТО-ның бірінші ұйымы Перовск станциясының, қазіргі

Қызылорда паровоз депосының жөндеу шеберханасында ұйымдастырылған. Міне, содан бері ғасырдан астам уақыт кәсіподақ еңбек адамдарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды негізгі міндетіне алып, осы міндетін абыроймен атқарып келеді. Баршаңызды бүгінгі Кәсіподақтар күнімен құттықтай отырып, еңбектеріңе жеміс, дендеріңе саулық, отбасыларыңа амандық тілеймін. Және де бүгін 180



адамның басын қосып, әдемі кеш сыйлап, үлкен жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырып отырған ЦФО кәсіподағының төрайымы



Күләш Қабдырашитқызына үлкен алғыс білдіремін, – деген Ғафу Оразұлы кәсіподақ белсенділері мен ерен еңбегімен көзге түскен азаматтарды марапаттады.

Жеребе бойынша алғашқы командалар ойынға кіріскен сәтте қалғандары дастархан



басында бас қосып, караокемен ән салды. Алаңда би билеп, көңіл көтеруге де мүмкіндік берілді. Осылайша, 30 команданың мүшелері намысты қолдан бермей, өз командасына барынша жақсы ұпай жинауға тырысты. Тартысты әрі қызықты өткен жарыста, ең көп ұпай жинаған үш команда жеңімпаз деп танылды. Атап өтсек, 3-орында «Пингвин» атауымен 13-ші команда еншілессе, 2-орын мінберінен «Супербол» атауымен 25-ші команда табылды. Ал 30 команда ішінен оза шауып бәйге алып, 1-орынды қанжығасына байлаған 12-ші «Арлан» командасы чемпион деп танылды. Әйелдер мен ерлер арасында дараланып, ең көп ұпай жинаған жеңімпаздар да анықталды. Мәселен, әйелдер арасында Әлия Шманова мен Венера Есенберлинова 3 және 2-орындарды өзара бөліссе, 1-орынды Алтын Мұнайдарова еншіледі. Ал ерлер арасынан ең көп ұпайды Азамат Мангитаев жинап, 1-орынды қанжығаласа, 2-орын Еркебұлан Меңжасаровқа бұйырып, 3-орынды Руслан Мұқтаев місе тұтты. Жарыс жеңімпаздарына бағалы тұрмыстық техникалар берілді.

Кеш барысында лототрон ойнатылып, қатысушылардың барлығы мерекеден құр қайтпай, әртүрлі сыйлықтарға ие болып, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты. Суреттерді түсірген автор

МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ

Елордада 110-нан астам колледж студенттері мен мектеп түлектері ҚТЖ теміржол көлігінің орталық музейіне экскурсияға келді.



Ұлан ОРАЗ, Астана

Музей экспозициясы жастардың қызығушылығын туғызғаны анық, әсіресе көне телефондар мен аппараттар, әртүрлі жылдардағы теміржолшылар формасы, түпнұсқа шамдар және басқа да көне заттар Қазақстан темір жолының 120 жылдық тарихынан мағлұмат беретін бірегей жәдігерлер екенін мұражай меңгерушісі егжей-тегжей түсіндірді.

Сондай-ақ балалар елдегі ең ірі көлік компаниясының әкімшілік ғимаратын аралап көріп, оның сәулетіне тәнті болды. «Қазақстанда 2025 жыл «Жұмысшы маман-

дықтар жылы» болып жариялануы да мұндай кездесулердің маңызын арттырып отыр. Экскурсиялар оқушылар мен студенттерге теміржол мамандықтарымен жақынырақ танысуға, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсінуге, теміржол саласының тұрақты және сенімді жұмысының артында қанша еңбек, білім мен шеберлік тұрғанын көруге көмектеседі», – деп атап өтті мұражай меңгерушісі Ақмарал Молдашева.

Мұражай тек өткенмен кездесу орнына ғана емес, болашақты саналы түрде таңдауға арналған алаңға айналууда.

Суретті түсірген автор

ҚИСАНОВТАР ӘУЛЕТІ – БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ



Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

Бірінші орынды түрлі сала өкілдерін бір әулетке біріктірген Шолтамановтар отбасы иемденсе, екінші орынды мұнайлылық теміржолшылар әулеті – Қисановтар алды. Үшінші орын Маңғыстау ауданынан келген спортшылар жанұясы – Алтыбаевтарға бұйырды.

Түбек тұрғындарына отбасының ауызбіршілігі мен татулығын паш еткен Қисановтар әулеті байқаудың 500 мың теңге жүлдесі мен дипломына ие болды. Көптің көзайымына айналған бұл әулеттің отағасы мен отанасы бес баланы өсіріп жеткізген. Бүгінде перзенттерінің қызығын қызықтап, бір етек немере сүйіп, шөберенің қолынан су ішіп отырған жайы бар. Әулеттің үлкені Мейрам Қисановтың жұбайы Жібек Қалиевамен отас-

Ақтауда облыстық «Мерейлі отбасы-2025» байқауы мәреге жетті. Отбасылық құндылықтарды дәріптейтін байқауға өңірден 14 отбасы қатысып, бақ сынасты. Жеңімпаз атанған алғашқы үштік қатарында теміржолшылар отбасы бар.



қандарына елу жылдан асыпты. Өмірдің түрлі кезеңдерін бастан өткізген ерлі-зайыптылар қашанда бірліктің, сыйластықтың арқасында шаңырағын шайқалтпай, отбасылық асыл құндылықтарды ұрпағына сіңіре білген. Үш ұл мен екі қызды аяқтандырып, бір-

бір мамандық иесі атандырған. Перзенттерін ардан аттамай, адамгершілік ізгі қасиетімен өз жолдарын табуына бағыт-бағдар берген ата-ана мерейі өсіп, мамандығын мақтанышына балаған ұрпағымен төрге озды.

Отағасы 1953 жылы Аты-

рауда туып, Мақат станциясында алғашқы еңбек жолын бастаған. 1979 жылы түбекке жұмыс ауыстырып, Маңғыстау локомотив депосында түрлі еңбек сатысынан өткен. Діло директорының орынбасары қызметіне дейін жетіп, зейнеткерлік демалысына шыққан. Үлкен ұлы Мұхтар Қисанов екінші класты машинист болып тепловоз тізгіндеп жүргеніне отыз жыл. Мұхтардың жары Жанар Қисанова Маңғыстау станциясында вагондарды есепке алу бойынша оператор. Әулеттің тұңғыш немересі Дәулет те атакәсіпті жүрек қалауындағы мамандығына айналадырған теміржолшы, бүгінде Маңғыстау локомотив депосында тепловоз машинистінің көмекшісі.

Ортаншы ұл Саттар Қисанов «Каскор Транс Сервис» мекемесінде ширек ғасырлық еңбек өтілі бар машинист, кенжелері Асқар Қисанов он жылдан астам депода заң кеңесшісі. Атадан балаға жалғасқан кәсіпті өмірлік бағытына айналдырған олар өз нәпақасын машақаты мен өмір жолдан тауып, бар күш-жігерін түбек темір жолының дамуы жолында сарп етіп жүр.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «КТZ Express» АҚ) «КТZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2024 жылғы 28 қазанда 10:00 сағатта (Астана уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «КТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 12 маусымдағы шешімімен бекітілген талап етілмеген өтімді және өтімді емес тауар-материалдық қорларды басқару жөніндегі әдістеме № 02/19 хаттама №10 сұрақ және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар

кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны арттыру аукционына мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Алғашқы баға	Бастапқы баға	Кепілдік жарна
1	Қолданылған қосалқы бөлшектер	8 871	715 993 047	715 993 047	107 398 957

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді

тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны арттыру әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: BSH: 050540004455, BSK: HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ, Төлемнің тағай-

ындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

